

Мектеп директоры

Бекітемін

А.Аксеитова

« 01 » ақпан 2023ж



Перспективалық жоспар
Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің
жанындағы шағын орталық
оқу жылы
Кіші топ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023/2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы _____

Топ/сынып: кіші жас тобы

Бала жасы: 2 жастағы балалар

Кезеңі: ақпан

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
<p align="center">Дене шынықтыру</p>	<p>Негізгі қимылдар</p> <p>Жүру. Әртүрлі бағытта шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру.</p> <p>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу.</p> <p>Жүгіру. Бағытты өзгертіп, шашырап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50 x 50 сантиметр модульге өрмелеу қабілетін дамыту.</p> <p>Домалату, лақтыру. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5–1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру; отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан доптарды домалату.</p> <p>Секіру. 10–15 сантиметр биіктіктен секіру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бұғу және жазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру.</p> <p>Қимылды ойындар. Балаларды қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.</p> <p>Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға, шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету.</p> <p>Шынықтыру рәсімдерін жүргізу</p>
<p align="center">Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.</p> <p>Сөздік қорын қалыптастыру. Балалардың белсенді сөздігін еңбек әрекеттерін білдіретін етістіктермен байыту: жуу, суару, құю.</p>

	<p>Сөйлеудің грамматикалық құрылымы. Өткен шақ түрінде сын есімді зат есіммен және етістікпен үйлестіру қабілетіне үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Балаларды кітаптардағы суреттерді қарауға баулу, оларды таныс заттарды атауға шақыру, мұғалімнің өтініші бойынша көрсету</p>
Көркем әдебиет	Балаларға таныс өлеңдердің сөздерін, сөз тіркестерін түгел айтуға мүмкіндік беру
Сенсорика	Көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біртекті заттарды топтастыру қабілетін жетілдіру
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі. Өз үйін, пәтерін тану қабілетін дамыту.</p> <p>Заттық әлем. Белгілі бір объект үшін нақты әрекеттерді орындауға машықтану (допты айналдыру, машинаны итеру, қуыршақты жайып салу, пирамиданы құрастыру және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне орнату).</p> <p>Көлік. Көлік, көше, жол туралы түсініктерді жетілдіру.</p> <p>Еңбекке баулу. Ересектердің жұмысына қызығушылық таныту. Балалардың ересектердің еңбегін бақылау шеңберін кеңейту.</p> <p>Адамгершілік тәрбиесі. Бірге ойнауды, басқа балалармен бірге ойнауды, бір-біріне көмектесуді және бірге жетістіктерге, әдемі ойыншықтарға қуануды үйрету.</p> <p>Табиғат әлемі. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота), аңдармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p>
Сурет салу	Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру
Мүсіндеу	Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу
Жапсыру	Бейнелерді қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету
Құрастыру	Үлгі бойынша қарапайым ғимараттар салу қабілетін дамыту, өз бетінше бір нәрсе салуға деген ұмтылысты қолдау; қосымша сюжеттік ойыншықтарды, ғимараттардың пропорционалды масштабтарын (кішкентай гараждарға арналған шағын машиналар) қолдана білуге үйрету
Музыка	<p>Музыка тыңдау. Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу.</p> <p>Ән айту. Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу.</p>

	Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Қарапайым би қимылдарын жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру: айналу; денені бұру, басты ию, қолдарды сермеу.
--	---

Ұсынылды: «Балаларды ерте дамыту институты» РММ

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі

Мектеп директоры



Бекітемін

А.Аксеитова

«01» 12 2023 ж

Перспективалық жоспар
Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің
жанындағы шағын орталық
оқу жылы
Кіші топ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023/2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы _____

Топ/сынып: кіші топ

Бала жасы: 2 жастағы балалар

Кезеңі: желтоқсан

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар. Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүру.</p> <p>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге).</p> <p>Жүгіру. Заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, бірінің соңынан бірі жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың астынан төрттағандап еңбектеп өтуді дамыту.</p> <p>Домалату, лақтыру. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта (төмен, жоғары) лақтыруды; допты отырып домалатуды дамыту.</p> <p>Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла секіруге үйрету.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею.</p> <p>Қимылды ойындар. Балаларды оның барысында негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіретін ойындарды ойнай білуді дамыту.</p> <p>Спорттық жаттығулар. Балаларды үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге үйрету. Ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға ықылас танытуға баулу Шынықтыру процедураларын жүргізу</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз</p>

	<p>тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету.</p> <p>Сөздік қорды қалыптастыру. Ойындар мен ойын жаттығулары арқылы балалардың белсенді сөздігін ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жемістердің атауларын білдіретін зат есімдермен байыту жұмысын жалғастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімнің көпше түрін қолдана білуді қамыту.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Балаларды қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге үйрету.</p>
Көркем әдебиет	Балалардың кітапқа деген қызығушылығын дамыту, бесік жырларын тыңдауға баулу
Сенсорика	Заттарды қолдану дағдыларын, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды дамыту
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану. Өзінің есімін және жасын, отбасы мүшелерінің аттарын атау.</p> <p>Заттық әлем. Заттарды және олармен әрекеттерді атай білу қабілетін дамыту, оларды суреттерден тану.</p> <p>Көлік. Көлік туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру жұмысын жалғастыру.</p> <p>Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету.</p> <p>Адамгершілік тәрбиесі. Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру.</p> <p>Табиғат әлемі. Жақын қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыруды жалғастыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</p>
Сурет салу	Жағынды жағу қабілетін, осы қимылды ырғақты қайталай отырып (жаңбыр, қар, жапырақ түсуі) түзу, толқын тәрізді және тұйық дөңгелек сызықтарды жүргізе білуді дамыту
Мүсіндеу	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін: кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру,

	сазбалшықты өздігінен илеуге үйрету.
Жапсыру	Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету
Құрастыру	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша салуға үйрету, өз бетінше бір нәрсе салуға деген ұмтылысты қолдау
Музыка	<p>Музыка тыңдау. Баяу және көтеріңкі дыбысты ажырата білуге үйрету.</p> <p>Ән айту. Сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Қарапайым би қимылдарын жетілдіру: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу.</p>

Ұсынылды: «Балаларды ерте дамыту институты» РММ
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі

Бекітемін

Мектеп директоры



А.Аксеитова

«01» 10 2023ж

Перспективалық жоспар
Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің
жанындағы шағын орталық
оқу жылы
Кіші топ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары мен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары негізінде 2023/2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы – _____

Топ/сынып – кіші жас тобы

Балалардың жасы – 2 жастағы балалар

Жоспар қай кезеңге жасалды – қазан

Ұйымдастырылған қызмет	Ұйымдастырылған қызмет міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар. Жүру. Қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, аяқтың ұшымен жүруге үйрету. Балаларды әртүрлі бағытта және шеңбер бойымен берілген бағытта жүруге үйрету бойынша жұмысты жалғастыру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20–25 сантиметр, ұзындығы 2–2,5 метр) жіптің бойымен жүру дағдысын жетілдіру. Жүгіру. Әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу. Көлбеу тақтайдың бойымен нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Домалату, лақтыру. Допты екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5–1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру. Секіру. Алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10–15 сантиметр) секіруге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бұғу. Қимылды ойындар. Балалардың негізгі қимылдары (жүру, жүгіру, лақтыру, домалау) жетілдіретін ойындар ойнау қабілетін дамыту. Спорттық жаттығулар. Үш дөңгелекті велосипедпен жүруді үйретуді жалғастыру.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды (сыбыс, шуыл, үнді дыбыстан басқа), еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын киім атауын білдіретін зат есімдермен байыту, ойыншық атауларын қайталау. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға үйретуді жалғастыру. Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) жауап беруге үйрету.</p>
Көркем әдебиет	<p>Халық ертегілері мен әндерін тыңдау арқылы балалардың кітапқа деген қызығушылығын ояту.</p>
Сенсорика	<p>Қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі. Есімін атағанда жауап беруге үйрету жұмыстарын жалғастыру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану. Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атау. Заттық әлем. Заттарды және олармен әрекеттерді атай білуді дамыту, оларды суреттерден тану.</p>

	<p>Көлік. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.</p> <p>Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету.</p> <p>Адамгершілік тәрбиесі. Бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу.</p> <p>Табиғат әлемі. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату.</p>
Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Тік, толқын тәрізді және тұйық сызықтарды бейнелей білуге үйрету, жағынды жағу қабілетін дамыту
Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру.
Жапсыру	Балаларда қағаз қасиеттерімен (ұсақтау, жырту, бүктеу) таныстыруды жалғастыру.
Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.
Музыка	<p>Музыка тыңдау. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу.</p> <p>Ән айту. Жекелеген сөздер мен буындарды айтуды дамыту, ересекпен қосылып ән айтуға үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату.</p>

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
«Балаларды ерте дамыту институты» РММ ұсынды

Бекітемін

Мектеп директоры



А. Аксеитова

« 01 » 01

2024ж



Перспективалық жоспар

Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің

жанындағы шағын орталық

оқу жылы

Кіші топ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023/2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы _____

Топ/сынып: кіші жас тобы

Бала жасы: 2 жастағы балалар

Кезеңі: қаңтар

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар. Жүру. Әртүрлі бағытта шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүруді дамыту.</p> <p>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, заттарға шыға (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге) білуді дамыту.</p> <p>Жүгіру. Шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен; бағытты өзгертіп, шашырап бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың астынан төрттағандап еңбектей білуді жетілдіру. Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50 x 50 сантиметр модульге өрмелеу.</p> <p>Домалату, лақтыру. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі қалыпта 0,5–1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыра білуді дамыту; отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан домалату.</p> <p>Секіру. 10–15 см. биіктіктен секіруге үйрету.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бұгу және жазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру.</p> <p>Қимылды ойындар. Балаларды қимылды ойындар ойнауға ынталандыруды жалғастыру.</p> <p>Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға, шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету.</p> <p>Шынықтыру процедураларын жасау.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Еліктеу сөздерін және қарапайым сөз тіркестерін (2–4 сөз) қолдана отырып, сыбыс, ызың және үнді дыбыстарынан басқа, айқын жекелеген дауысты және дауыссыз дыбыстарды айту қабілетін дамыту бойынша жұмысты жалғастыру.</p>

	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету.</p> <p>Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың белсенді сөздігін үй жануарлары мен олардың төлдерінің, көлік құралдарының және жеке күтім заттарының аттарын білдіретін зат есімдермен байыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімнің көпше түрін қолдана білуді қамыту.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Балаларды қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Кім әкелді? Не әкелді? Кімге әкелді?) сұрақтарға жауап бере білуді дамыту. Өз пікірін білдіру қабілетіне үйрету.</p>
Көркем әдебиет	Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдай білуге үйрету.
Сенсорика	Қозғалыстарды үйлестіруді, саусақтардың ұсақ моторикасын, «көз – қол» сенсомоторлық кеңістіктік үйлестіруді дамыту.
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі. Өзінің үйін, пәтерін тану дағдысына үйрету.</p> <p>Заттық әлем. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу,) орындауға баулу.</p> <p>Көлік. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету.</p> <p>Адамгершілік тәрбиесі. Дәрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру.</p> <p>Табиғат әлемі. Жақын ортадағы өсімдіктермен танысу бойынша жұмысты жалғастыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату. Жануарлар әлемі туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру.</p>
Сурет салу	Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салуды үйрету
Мүсіндеу	Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: шыныаяқ, тостаған, табақша мүсіндеу кезінде саусақпен қалыптың бетін тереңдету.
Жапсыру	Суреттерді фланелеграфқа (сызықтар, квадраттар) қою қабілетіне үйрету.
Құрастыру	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша салуды дамыту, өз бетінше

	бір нәрсе құрастыруға деген ұмтылысты қолдау
Музыка	Музыка тыңдау. Музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білуді үйрету. Ән айту. Әнді жеке және топпен айту қабілетіне үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Қарапайым би қимылдарын жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу.

Бекітемін

Мектеп директоры



А.Аксеитова

«01» 11

2023ж



Перспективалық жоспар

**Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің
жанындағы шағын орталық**

оқу жылы

Кіші топ

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023/2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы _____

Топ/сынып: кіші топ

Бала жасы: 2 жастағы балалар


Кезеңі: қараша

Ұйымдастырылған қызмет	Ұйымдастырылған қызметтің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар Жүру. Әр түрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүру.</p> <p>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Сыммен, гимнастикалық орындықпен жүру.</p> <p>Жүгіру. Берілген бағытта әртүрлі қарқынмен жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Шектелген жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен жүру, доғаның астынан төрт тағандап еңбектеп өту қабілетін дамыту.</p> <p>Домалату, лақтыру. Әр түрлі қалыпта тұрып допты екі қолмен лақтыру қабілетін дамыту; допты нысанаға дәлдеп лақтыруды үйрету.</p> <p>Секіру. Алға қарай ұмтыла екі аяқпен секіруді үйрету.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею.</p> <p>Қимылды ойындар. Балалардың педагогпен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.</p> <p>Спорттық жаттығулар. Үш дөңгелекті</p>

	<p>велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен түсуді үйрету. Шынықтыру рәсімдерін жүргізу.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды (шуыл, ызың және үнді дыбыстан басқа), еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2–4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету.</p> <p>Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын ойыншық, киім, аяқкиім атауларын білдіретін зат есімдермен; ойын, ойын жаттығулары арқылы байыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдана білуге үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) жауап беруге үйрету.</p>
Көркем әдебиет	<p>Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.</p>
Сенсорика	<p>Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>«Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану.</p> <p>Заттық әлем. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану.</p> <p>Көлік. Көліктер туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету.</p> <p>Адамгершілік тәрбиесі. Дәрекілікке,</p>

	<p>сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру.</p> <p>Табиғат әлемі. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату.</p>
Сурет салу	<p>Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Бояу жағу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеуге үйрету.</p>
Мүсіндеу	<p>Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін, кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алуды үйрету</p>
Жапсыру	<p>Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету</p>
Құрастыру	<p>Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыруды жалғастыру</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу.</p> <p>Ән айту. Ересекпен қосылып ән айтуды дамыту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша жүгіру дағдысын қалыптастыру. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау</p>

Ұсынылды: «Балаларды ерте дамыту институты» РММ
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі

Мектеп директоры  А.Аксеитова



«03» 09 2023ж

Перспективалық жоспар
Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің
жанындағы шағын орталық
оқу жылы
Кіші топ

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары мен
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары негізінде
2023/2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған қызметтің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы – _____

Топ/сынып – кіші топ

Балалардың жасы – 2 жастағы балалар


Жоспар қай кезеңге жасалды – қыркүйек

Ұйымдастырылған қызмет	Ұйымдастырылған қызмет міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен жүру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20–25 сантиметр, ұзындығы 2–2,5 метр) жіптің бойымен жүру. Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу. Шектеулі жазық бойынша төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Домалату, лақтыру. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта (төмен, жоғары) лақтыру. Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтере білуді үйрету. Оңға – солға бұрылу. Орнында жүру. Қимылды ойындар. Балаларды мұғаліммен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Спорттық жаттығулар. Үш дөңгелекті велосипедке отыруға үйрету.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды (шуыл, ызың және үнді дыбыстардан басқа) нақты айтуға үйрету. Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың белсенді сөздігін ойыншықтардың аттарын білдіретін зат есімдермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімнің көпше түрлерін қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға үйрету.</p>
Көркем әдебиет	<p>Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.</p>
Сенсорика	<p>Заттарды қолдану дағдысын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану. Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атау. Заттық әлем. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Көлік. Көлік туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Адамгершілік тәрбиесі. Басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға баулу. Табиғат әлемі. Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен</p>

	таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату.
Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Бояу жағу әдісіне үйрету.
Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру.
Жапсыру	Материалдың (қағаз) қасиеті туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістеріне (ұсақтау, жырту, бүктеу) үйрету.
Құрастыру	Балаларды детальдармен (текше, кірпіш, үш қырлы призма, пластина, цилиндр) таныстыру.
Музыка	Музыка тыңдау. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Ән айту. Әндердің жеке буындары мен сөздерін айта білуге үйрету. Музыкалық-ырғақты қимылдар. Музыкамен шеңбер бойымен жүру және жүгіру дағдыларын жетілдіру.

Ұсынылды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі

«Балаларды ерте дамыту институты» РММ

Бекітемін
Мектеп директоры  А.Аксеитова
« 01 » 05 2024ж



Перспективалық жоспар
Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің
жанындағы шағын орталық
оқу жылы
Кіші топ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары негізінде 2023- 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары

Білім беру ұйымы: _____

Топ/сынып: кіші жастағы топ

Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Кезең: мамыр

Ұйымдастырылған қызмет	Ұйымдастырылған қызметтің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар. Жүру. Жүру дағдыларын жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу. Жүгіру. Жүруден жүгіруге және керісінше ауысуды дамыту. Еңбектеу, өрмелеу. Әр түрлі заттарға өрмелеу дағдыларын жетілдіру. Домалату, лақтыру. 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату. Секіру. Әр түрлі заттардан секіру қабілетін жетілдіру. Жалпы дамыту жаттығулары. Қол жаттығуларын бекіту, арқа бұлшықетін, іш және аяқ бұлшықеттерін дамыту және нығайту. Қимылды ойындар. Балалардың мұғаліммен бірге қимылды ойындар ойнауға деген ұмтылысын дамыту. Спорттық жаттығулар. Үш дөңгелекті велосипедке отыру қабілетін дамыту. Шынықтыру рәсімдерін жүргізу</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. Сөздік қорды қалыптастыру. Қазақ халқының ұлттық дәстүрлерімен таныстыру, балаларды бесікпен таныстыру, балаларға ұйықтар алдында күн сайын бесік жырын тыңдау, қуыршақ ойнау және оған бесік жырын айту әдетін сіңіру. Ересектердің бүкіл топтың балаларына деген сүйіспеншілігін білдіру. Балалардың ауызша сөйлеуінде игерілген сөздерді өз бетінше қолдануға ықпал ету. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сын есімдерді тек және жекеше зат есімдермен үйлестіру қабілетіне үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Байланыстырып сөйлеуді дамыту бойынша жұмысты жалғастыру.</p>
Көркем әдебиет	Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді жетілдіру
Сенсорика	Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауды дамыту.
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі. Бір-бірін атымен атай білу, достарының аттарын есте сақтау қабілетін дамыту. Заттық әлем. Баланың байқауы мен түсінуіне қолжетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін бейнелеу пәндік-ойын әрекеттерін</p>

	<p>қолдану қабілетін дамыту.</p> <p>Көлік. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыруды жалғастыру.</p> <p>Еңбекке баулу. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау.</p> <p>Адамгершілік тәрбиесі. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту).</p> <p>Табиғат әлемі. «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасауды таныстыру. Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.</p>
Сурет салу	Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу
Мүсіндеу	Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.
Жапсыру	Фланелеграфта геометриялық фигураны, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру.
Құрастыру	Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекітуді жетілдіру: үстіне, жанына қою.
Музыка	<p>Музыка тыңдау. Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, дабыл, маракас), оның ішінде халықтық (асатаяқ, сырнай) дыбыстарымен таныстыру.</p> <p>Ән айту. Ересектермен бірге әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық фразалардың аяқталуын, ересек адамның дауысы мен аспаптың интонациясына бейімделу қабілетін дамыту.</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар. Музыканың қарқыны мен әннің мазмұнына сәйкес қозғалыс сипатын өзгертуге үйрету.</p>

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің
«Балаларды ерте дамыту институты» РММ ұсынылды

Мектеп директоры



Бекітемін

А.Аксеитова

« 01 » 03 2024ж

Перспективалық жоспар
Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің
жанындағы шағын орталық
2023-2024 оқу жылы
Кіші топ

Наурыз айы 2024 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу.</p> <p>Негізгі қимылдар: шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру. гимнастикалық скамейканың үстімен жүру аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру 10-15 сантиметр биіктіктен секіру</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдылар. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу.</p> <p>Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру).</p>

	<p>Спорттық жаттығулар: Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату. Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.(спорт залда немесе алаңқайда)</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.</p> <p>Сөздік қорды қалыптастыру. ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен атау дағдыларын дамыту</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіруді үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беруге ынталандыру.</p>
Көркем әдебиет	<p>Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу және бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.</p> <p>Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдауын дамыту.</p>
Сенсорика	<p>Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыруды заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауды.</p> <p>Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.</p>
Құрастыру	<p>Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, әр баланы басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру.</p> <p>Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету.</p> <p>Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету.</p>

	<p>Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға)</p> <p>Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін таныстыру. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.</p>
Сурет салу	<p>Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту.</p> <p>Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыруға ынталандыру.</p>
Мүсіндеу	<p>Мүсіндеуде қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат), және басқа заттардың ұқсастықтарын таба білуді үйрету.</p>
Жапсыру	<p>Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу) үйрету. Бейнелерді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау: Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Ән айту: әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.</p>

Бекітемін

Мектеп директоры



А.Аксеитова

2024ж

Перспективалық жоспар
Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің
жанындағы шағын орталық
оқу жылы
Кіші топ

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары негізінде
2023 - 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспары және мектепке дейінгі
тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы**

Білім беру ұйымы _____

Топ/сынып: кіші

Балалардың жасы: 2 жастан бастап

Мерзімі: сәуір

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Бұрын оқылған дене жаттығуларын қайталау, қимыл дағдылары мен біліктігін бекіту және жетілдіру.</p> <p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Жүру. Ересек адамның белгісі бойынша жүру қабілетін жетілдіру.</p> <p>Тепе-теңдікті сақтау. Гимнастикалық орындықта жүру қабілетін дамыту.</p> <p>Жүгіру. Жүгіру дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Гимнастикалық қабырғаға қарқынның өзгеруімен және бір гимнастикалық қабырғадан екінші гимнастикалық қабырғаға ауысумен өрмелей білуге үйрету.</p> <p>Секіру. Тұрған орнында айналып секіру; биіктіктен секіру, 20 сантиметр дейінгі биіктікке секіру.</p> <p>Лақтыру, қағып алу, домалату. Заттарды лақтыру, тастау және қағып алу дағдысын дамыту.</p> <p>Сапта түзеу, сапқа қайта тұру. Сапта алға қолды созып тепе-теңдікті сақтау қабілетін жетілдіру, сапта және шеңберде – жан-жаққа созылған қолды теңестіру; оңға, солға бұрылу, шеңбер бойымен өту және секіру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Тізе бүгіп отырғанда алға қарай иілу. Гимнастикалық қабырғада қолда ілініп, аяқты тіктеп алға қарай (шапшаң) көтеру. (5–6 рет).</p> <p>Қимылды ойындар. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> <p>Спорттық жаттығулар. Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу.</p> <p>Спорттық ойындар. Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Тілдің дыбыстық мәдениеті. Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Сөздік қор. Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «Асар», «Сүйінші» дәстүрлерінің мағынасын түсіндіру, балаларды бір-біріне көмектесуге, бірге ойнауға, тапсырмаларды орындауға, бір-біріне қуануға, бір-біріне қамқорлық жасауға шақыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Интонация (баяндау, сұрақ</p>

	<p>қою, леп) бойынша сөйлемдерді ажырата білу қабілетін дамыту және оларды сөйлеуде қолдану.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Заттар, ойыншықтар, сюжеттік суреттің мазмұны, табиғат құбылыстары туралы әңгімелеу кезінде сөздерді дұрыс таңдау қабілетін жетілдіру.</p> <p>Шығармашылық сөйлеу әрекеті. Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.</p>
Көркем әдебиет	Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.
Грамота негіздері	Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.
Қазақ тілі	<p>Тілдің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.</p> <p>Сөздік қор. Өнімдердің, ыдыс-аяқтардың, жиһаздардың және т.б. атауларын, сондай-ақ 10-ға дейін тікелей және кері санауды айта білу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Жекеше және көпше зат есімдерді қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Мұғалімнің үлгісі бойынша ойыншықтар мен суреттер туралы қысқа әңгімелер құрастыру қабілетін жетілдіру.</p>
Математика негіздері	<p>Жиын. «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.</p> <p>Сан және санау. Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.</p> <p>Шама. Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу.</p> <p>Геометриялық фигуралар. Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсіну білігін қалыптастыру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.</p> <p>Уақытты бағдарлау. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.</p> <p>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Үй-жайларда, балабақша</p>

	<p>ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.</p> <p>Көлік, байланыс құралдары. Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.</p> <p>Еңбекке баулу. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға, кішілерге көмек көрсетуге, қажет болған жағдайда оларға жүгінуге баулу. Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту.</p> <p>Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту.</p> <p>Жол қозғалысы ережелері. «Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы», «Метро аялдамасы», «Тройллебус аялдамасы», «Жаяу жүргіншілер жолы», «Велосипедке арналған жол (электросамокат, гироскутер, сигвей)» жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру.</p> <p>Табиғатпен таныстыру. Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну.</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p>Жануарлар әлемі. Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: тобы (құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер), мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.</p> <p>Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу).</p>
<p>Сурет салу</p>	<p>Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру.</p>

Мүсіндеу	Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу.
Жапсыру	Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.
Құрастыру	Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.
Музыка	<p>Музыка тыңдау. Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.</p> <p>Ән айту. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.</p> <p>Билер. Балаларға «Қаражорға» биімен таныстыруды жалғастыру.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыруды жалғастыру.</p>

«Ерте жастағы балаларды дамыту институты» РМУ ұсынған

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі